10.07.2025 жыл № 4

Конкурсты ұйымдастырушы:
«Атырау облысы Мемлекеттік сатып алу
және коммуналдық меншік басқармасы»
мемлекеттік мекемесі

08.07.2025 жылғы №14962362-ОК1 қорытындылар хаттамасына шағым

«Исатай ауылдық клубы» МКҚК үшін мемлекеттік сатып алу, №14962362-ОК1 конкурсы бойынша 08.07.2025 жылғы №14962362-ОК1__қорытындылар туралы хаттамасына сәйкес «SELA АКТАУ» (СЕЛА АКТАУ) ЖШС жеңімпаз деп танылған, алайда «SELA АКТАУ» (СЕЛА АКТАУ) ЖШС әлеуетті өнім берушінің конкурстық құжаттамада көрсетілген материалдық ресурстарына ие болу бөлігінде біліктілік талаптарына сәйкес келмеуі себепті оның өтінімі Конкурсқа қатысудан бас тартылуы тиісті болғандықтан бұл шешіммен төмендегі дәлелді негіздерді келтіре отыра келіспейтіндігімді білдіремін:

Атап айтқанда, «SELA АКТАУ» (СЕЛА АКТАУ) ЖШС аталған конкурсқа материалдық ресурстарына Борттық автомобиль бар екендігіне мемлекеттік тіркеу нөмері 106LMA06 1990 жылы шыққан КАМАЗ 5511 маркалы автокөлігін жалға беруші – жеке тұлға Нурсултанов Нурлан Нурсултановичпен арадағы 10.06.2025 жылы жасалған транспортты жалға алу №12 келісім шартын техникалық паспортымен қоса ұсынған.

Алайда, **egov.kz** Қазақстан Республикасының Электрондық үкіметі порталы және **aster.kz** сайты арқылы жоғарыдағы мемлекеттік тіркеу нөмері 106LMA06 1990 жылы шыққан КАМАЗ 5511 маркалы автокөлігі туралы ақпараттарды сұрау салғанда ол автокөлікте ауыртпалықтар бар екендігі, яғни ҚР ІІМ ақпаратына сәйкес ол автокөлікке өкілетті органмен тиым салынғаны (наложен арест) белгілі болып отыр. *Сұрау қорытындылары жалғанды.*

Бұл жерде әлеуеттә өнім беруші және (немесе) ол тартатын қосалқы мердігердің (бірлесіп орындаушының) тараптарынан Қазақстан Республикасының 01.07.2024 жылғы №106 «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі – Заң) 7-бабы, 1-тармағы, 10-шы тармақшасындағы: «Әлеуетті өнім беруші, егер: ***әлеуетті өнім берушінің және (немесе) ол тартатын қосалқы мердігердің (бірлесіп орындаушының) қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасына*** не Қазақстан Республикасының бейрезидент-әлеуетті өнім берушісі мемлекетінің заңнамасына ***сәйкес тоқтатыла тұрса*** өткізілетін мемлекеттік сатып алуға қатысуға құқылы емес»-деген талабы сақталмаған.

Сәйкесінше, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 09.10.2024 жылғы №687 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидалары» (бұдан әрі – Қағида) 206-тармағы, 2-тармақшасына сәйкес: Әлеуетті өнім беруші ол Заңның 7-бабымен көзделген талаптарды бұзған болса конкурсқа қатысуға (конкурсқа қатысушы деп танылмайды) жіберілмейді»-делінген талабы бұзылған.

Жоғарыдағы айтылғандар негізінде «SELA АКТАУ» (СЕЛА АКТАУ) ЖШС жеке тұлға Н.Н.Нурсултановтан жалға алған мемлекеттік тіркеу нөмері 106LMA06 КАМАЗ 5511 маркалы автокөлікте ауыртпалықтар бар және автокөлікке өкілетті органмен тиым салынғандықтан 08.07.2025 жылғы №14962362-ОК1 **қорытындылар туралы хаттамасының күшін жоюды** және өнім берушінің конкурстық құжаттамада көрсетілген материалдық ресурстарына ие болу бөлігінде Қағиданың 206-тармағы, 2-тармақшасы талаптарына сәйкес **«SELA АКТАУ» (СЕЛА АКТАУ) ЖШС-гі өтінімін Конкурсқа қатысудан бас тартылуын** (конкурсқа қатысушы деп танылмауын, жіберілмеуін) **талап етемін.**

«AKV» жеке кәсіпкері **А.В.Хасан**